



ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР, СТУДЕНТТЕР!

Санаулы күндерден кейін сынаққа толы 2021 жыл да тарих қойнауына кетеді.

Бұл жыл да қиындығы мен қызығы мол кезең болды. Кемеңгер халқымыз
“Ескі жылда есірке, жаңа жылда жарылқа” дегендей, алдымызда келе жатқан
Жаңа жылдан күтер жақсылығымыз, үмітіміз көп.

Өткен 2021 жыл тәу етер Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы аясында өтті.
Егеменді еліміздің аяғынан нық тұрып, қарыштап дамыған осы жылдарда білім
ордамыз да үлкен жетістіктерге жетті, ғаламдық еңбек нарығында бәсекеге
қабілетті мамандар дайындау бағытындағы ұжымның ерен еңбегі өз жемісін беруде.
Бұған дәлел - студенттеріміз бен оқытушыларымыздың ғылыми, педагогикалық,
спорттық, шығармашылық қызметтегі айтулы жеңістері.

Жаңа жыл қарсаңында барлық әріптестерімнің адал еңбектері үшін, жұмыс
барысында танытқан жоғары белсенділіктері мен кәсібиліктері үшін алғыс білдіргім
келеді. Сіздердің ұзақ жылғы еңбектеріңіздің арқасында университет жаңа
белестерді бағындырып, болашақта жақсы нәтижелерге
ие болатынымызға сенімдімін.

Жаңа 2022 жыл біздің мызғымас бірлігімізді нығайта түсіп,
барлық игі ниеттеріміз қайырлы істерге толы болсын. Баршаңызға зор денсаулық,
болашаққа деген жарқын сенім, сәттілік пен амандық тілеймін!
Жаңа жыл құтты болсын!

Басқарма Төрағасы-ректор С.ИДРИСОВ

2022

HAPPY
NEW YEAR

ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ДЕПУТАТЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ



Кеше, 13 желтоқсан күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған тағылымды кездесулер аясында Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының депутаты Бақытжан Жұмағұловпен кездесу өтті. Кездесуге Қазақстандық инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің президенті Айтимов Ақсерік Сарыұлы, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессор оқытушылары құрамы, студенттері қатысты.

Басқарма төрағасы-ректор Саламат Нұрмұханұлы кіріспе сөзінде білім алушы жастардың тыныс-тіршілігімен, университеттің мақсат-міндеті, стратегиялық даму бағытымен таныстырды.

Өз сөзінде Бақытжан Жұмағұлов университет ұжымына алғысын білдіре отырып:

«Білім саласы ол біздің құндылығымыз. Білім саласында атқарылып жатырған жұмыстар аз емес. Сіздердің университеттеріңізге келетін болсақ тұлғалар аллеясын атап өтпеске болмайды. Университет қабырғасындай осындай тұлғаларды ұлықталғанын қуантады. Білікті білім ордасының студенттеріне айтарым сіздер-елдің тірегісіңдер, еліміздің жарқын болашағы сендердің қолдарыңда» деп өз сөзін қорытындылады.

Кездесу аясында Бақытжан Жұмағұловқа университеттің құрметті профессор атағы беріліп, Қазақстандық инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің президенті Ақсерік Сарыұлы Х.Досмұхамедов атындағы алтын медалімен марапаттады.

Шара соңында, Асхат Сәлімұлы Бақытжан Жұмағұловқа өз алғысын білдіре отырып, Жүсіп Қадыр Өтегенұлының «Жылдар сыры» атты кітабын табыстады. Сонымен қатар, Жамиға Тәжікқызы Таңатарова сөз сөйлеп, Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстарды атап өтіп, білім мен ғылым саласындағы еліміздегі маңызды шараларға тоқталды.



ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ

20 желтоқсан күні Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы – ректор Саламат Нұрмұханұлы «Ұстаз» мектеп-интернатының оқушыларымен кездесу өткізді. Еркін форматта өткен кездесуде оқушылар Саламат Нұрмұханұлын басқа қырынан тани білді.

Университет басшысы балалық шағынан бастап бүгінгі күнге дейін басынан өткен

қызықты оқиғаларымен бөлісіп балаларға мотивациялық ақыл кеңесін айтты. Сонымен қатар, ректор өз сөзінде университеттің дамуы, оның сапалы өзгерістері мен жетістіктері туралы сөз қозғады.

Тағылымы мол кездесу соңында Саламат Нұрмұханұлы сұрақ қойған оқушылардың ішінен үздік деп тапқан үш оқушыға кітап сыйға тартты.

Айта кетейік, биыл Х.Досмұхамедов

атындағы Атырау университетінің бас лицензиясына жалпы орта білім мен техникалық және кәсіптік білім беру бойынша қосымша қызметтер топтамасы алынған болатын. Осыған орай, 10-11 сынып оқитын ер балаларға педагогикалық бағыт беретін «ҰСТАЗ» мектебі ашылды. Арнаулы мектептің негізгі мақсаты білімді оқушылардан бәсекеге қабілетті педагогтерді дайындап шығару.

ӘЛЕМ КУБОГІНДЕ СТУДЕНТТЕРІМІЗ ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНДАРҒА ИЕ БОЛДЫ

Уфа қаласында 17-19 желтоқсан аралығында белбеу күресінен Әлем кубогі өтті.

Еліміздің намысын қорғаған спортшылардың қатарында университетіміздің Инновациялық білім беру факультеті дене шынықтыру және спорт мамандығының 1 курс студенттері Тұяқбай Еркін 57 кг және Жолдасқалиев Жұмабек 62 кг салмақта қатысты.

Тартысты дода нәтижесінде студенттеріміз жүлделі III орынды иеленді. ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



«АЛТЫН ОРДА – САРАЙШЫҚ: ата тарихымыздың даңқты беттері» тақырыбындағы дөңгелек үстел



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған дөңгелек үстел мен Сарайшық тарихи мәдени музей қорығы ұйымдастырған археологиялық тарихи жәдігерлердің көшпелі көрмесі өтті. Көрме қонақтары ғалымдар, магистранттар мен студенттер Сарайшық музей қорығында сақтаулы тарихи құнды археологиялық қазба арқылы табылған бұйымдармен, тарихи көне карта, жазбалармен танысты. Дөңгелек үстелді университет басқарма төрағасы-ректор Саламат Нұрмұханұлы Идрисов ашып Алтын Орда-Жошы ұлысы тарихының Тәуелсіз Ел тарихындағы маңызына тоқталды. Сарайшық тарихи мәдени музей қорығы директоры Әбілсейіт Қапизұлы Мұқтар, профес-



сор Ахметова Ұлжан Төлегенқызы, профессор Мұстафин Жеңісбек Жүпболұлы, профессор Қасенов Марат, магистр Жұмабаев Амангелді, 2 курс магистранты Байғалиев Жүніс баяндамалар жасап, өлке тарихының құнды матери-алдарымен бөлісті. Археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу, маман даярлау бағытында университет пен Сарайшық музей қорығы арасында меморандум жасалды. Дөңгелек үстелді профессор Сапанов Сайфулла Жұмабайұлы жүргізіп отырды. Қорытынды сөз сөйлеген Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасы меңгерушісі Лесқали Бердіғожин қатысушыларға рахмет айтып, студенттер мен магистранттардың ғылыми зерттеу жұмыстарына сәттілік тіледі.

«AGROSKILLS» ЧЕМПИОНАТЫ ӨТТІ

2021 жылдың 21 желтоқсан күні Университетіміздің ғылыми лабораториялық базасында Оңайбай Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі «Агроном» құзыреттілігі бойынша «Agroskills» чемпионаты өткізді.

Чемпионат 7 модульден тұрды:

1 модуль. Топырақтың сулы ерітіндісін алу.

2 модуль. Топырақтың Ph анықтау.

3 модуль. Топырақтың меншікті электр өткізгіштігін есептеу.

4 модуль. Топырақтың құрамындағы сульфат ионды анықтау.

5 модуль. Топырақ құрамындағы хлорид ионды анықтау

6 модуль. 1000 тұқымның мас-сасын анықтау

7модуль. Жеміс ағашын телу.

Шараға «Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары» факультетінің профессор-оқытушылары экспорттық комиссия ретінде қатынасып, зертханалық жұмыстарына кеңес берді.

Сайыс барысында колледж бен университет арасындағы байланыстарды нығайту, балық шаруашылығы мамандарын дайындау саласында бірлесе жұмыстар жоспарларын жасау келіссөздер жүргізілді. Сайыс соңында Оңайбай Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі басшылығы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне сайыстың жоғары деңгейде өтуіне атсалысқандығы үшін үлкен алғыстарын білдірді.





АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА

Бүгінде Қазақстан – бірлік пен келісімнің арқасында қарқынды дамып келе жатқан биік мақсаттарды мейелеген мемлекет. Тәуелсіздіктің 30 жылында іске асқан барлық ауқымды шараларға Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті де өзіндік үлесін қосты. Оқу орнының ардагерлері, университет басқарған ректорлар, ректорат пен Ғылыми кеңес мүшелері, барша педагогикалық ұжым бір ауыздан еліміздің мемлекеттік саясатын қолдап, барлық маңызды саяси шараларға белсене қатысты. Ең бастысы – елімізге қажетті кадрларды дайындады.

Бүгінгі белесті кезеңде оқу орнымыздың осы 30 жылдағы даму сатыларына тоқталып өтуді жөн санаймыз. Әрине, ел тәуелсіздігін алған 1991 жылы оқу орнымыз Гурьев педагогикалық институты аталды. Сол жылы оқу орнының ректоры болып Хисмет Бозанұлы Табылдиев тағайындалған болатын.

1991–1999 жылдар аралығында немесе тәуелсіздіктің алғашқы онжылында оқу орнының дамуында тарихи оқиғалар орын алды. Атап айтқанда, Гурьев педагогикалық институты Батыс Қазақстанда алғашқы болып университет статусын алды. Сонымен қатар, университетке алаш ардақтысы, ғалым, қайраткер Халел Досмұхамедов есімі берілді. 1996 жылы білім ордасындағы ғылыми жұмыстарды жандандыру мақсатында «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Ғылыми журналы Хабаршы» жарық көре бастады.

Елегемендігінің алғашқы жылдарындағы қиыншылықты университетіміз де басынан кешірді. Еңбекақының кешігуі, жылудың уақытында берілмеуі және басқа да тұрмыстық қиындықтар орын алды. Осы қиындықтарды жеңіп, еңбек ұжымын таратып алмай, оқу орнының қалыпты қызметін сақтап және алға қарай жалғастыруда тарих ғылымдарының докторы, профессор Хисмет Бозанұлы Табылдиевтің ерен еңбегі болды. Бүгінде профессор Хисмет Табылдиев арамызда жоқ болса да, университетті нығайтуға қосқан үлесін оқу орны ұжымы есінен шығармайды. Қазіргі кезде университетте Табылдиев атындағы Ғылыми зерттеу институты нәтижелі жұмыс жасап, өлке тарихының зерттелуіне сүбелі үлесін қосуда. Сонымен қатар, жыл сайын Табылдиев атындағы стипендия да жанұясы атынан тағайындалып, дәстүрлі түрде үздік студенттерге табысталауда.

Екімыңыншы жылдардың басында елімізбен бірге университетіміздің дамуына педагогика ғылымдарының докторы, профессор Асхат Сәлімұлы Иманғалиев аса зор үлес қосты. Осы жылдары

еліміздегі тұрақтылықтың арқасында инфрақұрылымды дамыту мүмкіндіктері пайда болды. Жаңа ғимараттар салынып, жаңа мамандықтар ашылды. Атап айтқанда, қазіргі бас оқу ғимаратының құрылысы 2000 жылы аяқталып, пайдалануға берілді. Қазіргі экономика және құқық факультеті орналасқан №4 оқу ғимараты 2006 жылы іске қосылды. Қазіргі Жайық спорт кешенінің құрылысы басталды. 2003 жылы университет алаңында Халел Досмұхамедов ескерткіші ашылды.

Бұдан бөлек, осы жылдары «қара шаңырақтың» жеткен жетістіктерін келесідей ретпен тізіп бере аламыз. Мәселен, бұл уақытта университет алғаш рет мемлекеттік аккредитациялаудан өтті. Халықаралық сапа менеджментінен өтіп, арнайы сертификатқа ие болды. Сандық университетті дамытудың алғашқы іргетасы қаланып, университет интернет жүйесіне қосылып, студенттік интернет-кафе жұмысын бастады. Жаңа ақпараттық технологиялар орталығы да құрылды. Өз баспаханасы қалыптасты. Ал, академик Зейнолла Қабдоловтың университетімізге жұмысқа келуі, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы студенттеріне дәріс беруі – өңірлік университетімізді дамыдың жаңа сатысына көтерді.

Осы уақытта «Университет» газеті қолға алынып, медиаорталық пен баспасөз қызметі құрылды. 55 жылдық аталып өтіп, білім ошағы халықаралық ұйымдардан арнайы марапаттар алды. Ғылыми әлеуетті нығайту мақсатында жергілікті ғалымдарды дайындауға ықпал еткен тарих және педагогика бағыттарында аспирантура ашылды. Педагогикадан диссертациялық кеңес құрылды. Диссертациялық кеңестің ашылуы жергілікті оқытушылардың ғылыми жұмыстарын аяқтап, кандидаттық және докторлық диссертацияларын қорғауына жол ашты. Бұның бәрі де – тәуелсіздіктің екінші онжылдығында іске асқан игілікті істер.

Ал, 2012–2016 жылдары Атырау университетінде ректорлық қызмет атқарған Бейбіт Баймағамбетұлы Мамраевтың тұсында университеттің халықаралық байланыстары кеңейді. Атырау университетінің Астрахандағы мәдени орталығы, Элистадағы Қазақ тарихы мен мәдениеті орталығы ашылды. Назарбаев университеті форматында Досмұхамедов университетінің даму стратегиясы жасалып, аймақтағы қоғамдық-саяси жұмыстарды ұйымдастырды. Әзербайжан мәдениеті мен тарихы, Ресей тарихы мен мәдениеті орталығы, сонымен қатар, осы орталықтарды біріктірген Қазақстан халқы Ассамблеясы институты



ашылды.

2012 жылы 1 желтоқсанда елімізде алғаш рет аталып өткен Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күніне орай Қазақстан мен Ресей мемлекеттері оқу орындары – Астрахань және Атырау университеттері арасында халықаралық телемост ұйымдастырылды. Астана күніне қызметкерлерді саяхатпен марапаттау сияқты дәстүрлердің негізі қаланды. Университеттің бір топ жастары «Болашақ» бағдарламасы арқылы Швейцарияда оқып келді.

2016–2019 жылдар аралығында университет ректоры Абзал Ахатұлы Талтеңнов тұсында университеттің имиджін көтеруге жаңа ребрендинг жұмыстары басталды. Өңірде жаңа бірегей жобалар іске асты. Тұрақты даму концепциясымен үндескен жобалар бастау алды. Осы негізде iSpace, EOS, Kids университет, экокампус, «Тұлғалар аллеясы» жобалары іске асты. 2018 жылы Авангард мөлтек ауданында орналасқан «Студенттер үйі» Елбасы Н.Назарбаевтың қатысуымен ашылды.

Осы кездері университет халықаралық Webometrics, GreenMetric рейтингтеріне қатысуды бастады. Білім бағдарламалары «Атамекен» Ұлттық палаталар рейтингісінде жоғары орындарда алғашқы үштіктер, бестіктер, ондықтар қатарына енді.

Саралап қарайтын болсақ, университетті 1991 жылдан 2021 жылдың аралығында

48608 түлек бітіріп, диплом алды. Осы жас мамандардың барлығына кәсіби білім беріп, білім мен тәрбиеге баулыған университет ұжымының еңбегі аса зор.

Бүгінгі таңда қуатты өңірлер – қуатты ел идеясын іске асыруда өңірлік университеттердің рөлі аса жоғары деп білемін. Біздің университет тәуелсіздіктің тұғырын нығайтуға өзіндік үлесін қосты және әлі де еліміздің гүлденуі үшін жұмысын жалғастырады. Осы орайда оқу орнымыз тәуелсіздіктің 30 жылдығына арнап «30 жылдыққа – 30 игілікті іс» игі істер марафонын ұйымдастырған еді. Марафон аясында «30 атаулы аудитория» жобасы іске асып, университетімізде Табылдиев, Шакибаев, Шахманов, Жанетов, Каримова, Гапуов, Мухамбетжанова, Жауыров, Дорофеев, Дайыров, Каженбаев атындағы атаулы аудиториялар ашылды. Сонымен қатар, «Былина» орыс этномәдени орталығының демеушілігімен орыс тілі, әдебиеті мен мәдениеті кабинеті ашылды.

Сөз соңында айтарым – осынау ордабұзар отызжылдыққа жеткен дамушы мемлекетіміз үшін басты көкжиек – ол білім. Сол себепті білім мен ғылым сапасын арттыруға нақты жұмыстар жалғаса береді.

Саламат ИДРИСОВ,
«Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КЕАҚ
Басқарма төрағасы-ректоры

ҚАҢТАР



МИНИСТР ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева жұмыс сапарымен Атырау облысына келіп, белсенді еріктілермен кездесті.

Кездесуге еріктілер атынан Атырау университетінің Жастар саясаты департаментінің маманы Сағидоллаева Мансия қатысты.

АҚПАН



ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР ИСКЕ АСПАҚ

11 ақпан күні Атырау университетінде Басқарма Төрағасы-ректор Саламат Нұрмұханұлы «Алтын сазан» Ботаникалық бақ «Релаксация» ЖШС директоры Заирбек Бөлекбаевпен кездесу өткізіліп, екі жақ өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.




КӨШБАСШЫЛЫҚ

СЕМИНАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІП МОЛ

14 ақпанда «Ұлттық ұстаз онлайн академиясының» ұйымдастыруымен «Университетті басқару практикасы: педагогикалық көшбасшылық» тақырыбындағы семинар тренингтің соңғы тәжірибелік дәрісі өтті.

Өздерінің іскерлік әрі тәжірибелік мотивтерімен бөліскен Гүлмира Қорғанбаева мен Алмагүл Қанағатова семинар тренингті нәтижелі қорытындылады.



«ATYRAU UNIVERSITY» МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ ИСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Атырау университетінің тарихы, өмірі, факультеттері, кафедралары, қоғамдық өмірі, халықаралық байланыстары, ақы төлеу шарттары, Platonus туралы барлық қажетті ақпарат енді «Atyrau University» мобильді қосымшасында!

Осындай пайдалы қосымша Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің ғылыми жұмыстар жөніндегі декан орынбасары, «Бағдарламалық инженерия» кафедрасының профессор міндетін атқарушы, физика-математика ғылымдарының кандидаты Ележанова Шынар Капаровнаның ғылыми жетекшілігімен кафедрасындағы «Бизнес аналитика және IT – жобаларды басқару» білім бағдарламасының 1 курс студенттері – Эльдар Құрмашев, Аянжан Пернебай, Нұрмұхан Тілеген, Салидад Оралбай, Ағатай Кұлқайыр, Орынгүл Нұриева, Жұлдыз Изжанның белсенділігімен жүзеге асты.

ЖАҢА ОРТАЛЫҚ

22 ақпанда Жастар саясаты департаментінің қолдауымен IG GROUP студенттер командасы Атырау университетінің 70 жылдығына орай тарту еткен «Жастар» коворкинг орталығының ашылды.

НАУРЫЗ



ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫНА ГРАНТТАР БЕРІЛДІ

2 наурызда Атырау университетінде жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінің жабылу салтанаты өтті.

Шараға облыстық білім беру басқармасының басшысы Есенғалиев Сатқан Ыбырайұлы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ректоры Идрисов Саламат Нұрмұханұлы және аудандық білім бөлімінің басшылары мен олимпиада жеңімпаздары қатысты.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ректоры Идрисов Саламат Нұрмұханұлы олимпиада қатысушыларына университет атынан жеңімпаздарға білім гранттарын табыс етті. Облыстық олимпиада жеңімпаздарына еліміздегі ең беделді ЖОО бірі – Қазақстан-Британ техникалық университетінің гранттары берілді.



ҮЗДІК ОҚЫТУШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ

17 наурызда «ZOOM» жүйесі арқылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің ұйымдастыруымен «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2020» конкурсында Білім және ғылым министрі Аймағамбетов Асхат Қанатұлы конкурс жеңімпаздарын салтанатты түрде құттықтады. Атырау университетінің 5 оқытушысы «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы – 2020» жеңімпазы атанды.

Университет ректоры Идрисов Саламат Нұрмұханұлы өздерінің іскерлігімен көп жылдық тәжірибелерінің нәтижесінде үздіктер қатарынан көрінген Атырау университетінің Экология кафедрасының меңгерушісі, тех.ғ.к. Есенаманова Мансия Санаққызын, Есеп және аудит кафедрасының аға оқытушысы Канатова Айнура Жұмабайқызын, Программалық инженерия кафедрасының қауымдастырылған профессоры, тех.ғ.к. Махатова Валентина Еркінқызын, Математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, тех.ғ.к. Мырзашева Айгүл Нармағанбетқызын, Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры Шахметова Жанна Бекболқызын құттықтап, күәлік, төсбелгілерін табыс етті.

Жеңімпаздар өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, біліктілігін арттыру мақсатында әлемнің жетекші университеттерінде тағылымдамадан өту мүмкіндігіне ие болды.

СӘУІР

АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖОБАҒА ҚАТЫСТЫ

12 сәуір Ғылым қызметкерлерінің күні қарсаңында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті мен «Зейін-Атырау» ұйымының әлемнің инклюзивті білім беру саласындағы алдыңғы қатарлы ғалымдары мен мамандары қатысуымен жүзеге асатын халықаралық ғылыми жобаға қатысты.

Канаданың Саймон Фрейзер Университеті (Simon Fraser University) профессоры, доктор Роберт Уильямсонның (Dr. Robert Williamson) басшылығында дайындалған «Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім беру тәжірибесін бағдарлайтын салыстырмалы халықаралық зерттеу» (A comparative international study navigating the educational experiences of children with disabilities) атты жобаның, сол елдің Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар кеңесінің (SSHRC) қаулысымен 3 жылға гранттық қаржыландыруы мақұлданды.

Инклюзивті онлайн білім беру саласындағы жаңашыл зерттеу боп табылатын бұл халықаралық жобаны жүзеге асырушы топ құрамында Канада, АҚШ,

Иордания және Қазақстанның ғалымдары мен тәжірибелі мамандармен қоса болашақ педагог-маман студенттер де бар.



ҚАЗАҚСТАН КУБОГЫНЫҢ ИЕГЕРІ

Алматы қаласында Муай-Тайдан ересектер арасында Қазақстан Республикасының Кубогі өтті. Атырау облысының құрамасы 1 алтын, 1 күміс және 2 қола медаль енішіленді.

Қыздар арасында 63,5 келі салмақта Атырау университеті Экономика және құқық факультетінің «Құқықтану» мамандығының 3 курс студенті Аида Хайруллина жеңімпаз атанды. Алматы облысының спортшысының басым түскен студентіміз ТМД Кубогына жолдама алып, Қазақстан Республикасының ересектер арасындағы Муай-Тай құрама командасының қатарына енді.



СТУДЕНТІМІЗ – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Алматы қаласында өткен еркін күрестен ересектер арасындағы Азия чемпионына атыраулық спортшы Атырау университетінің Дене тәрбиесі және спорт мамандығының 3 курс студенті Сырбаз Талғат жеңіске жетті.

70 келіде белдескен балуанымыз іріктеу кезеңдерінде Кувейт балуанын 11:0, Үнді балуанын 6:0 және жартылай финалда Корея балуаны Сеюн Бо Лидді 6:2 есебімен ұтты. Финалда өзбекстандық Сироджиддин Хасановты 6:2 есебімен жеңді. Осылайша, Сырбаз Атырау еркін күресі тарихында ересектер арасында Азия чемпионы атанған алғашқы балуан болып отыр.

МАМЫР



АРНАЙЫ СТИПЕНДИЯ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Университетімізде Теңдік Жауыров атындағы атаулы шәкіртақы тағайындалып,

Журналистика мамандығының 3 курс студенті Қасиет Бахкерейқызына табыс етілді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

26-28 мамыр аралығында халықаралық ғылыми форум өтті. Аталмыш форум Ресей Федерациясы ғылым және жоғары білім министрлігі, Ресей Ғылым академиясы, Астрахан облысының Үкіметі, «Ресей-мүмкіндіктер елі» автономды коммерциялық емес ұйымы, Ғылыми-білім беру саясаты сараптамалық-талдау орталығы, Астрахан мемлекеттік университетінің ЮНЕСКО кафедрасының біріккен бастамасымен ұйымдастырылды. Серіктес ұйымдар қатарында Ресей Жастар одағы, Жастар ісі жөніндегі федералдық агенттік, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, шетелде тұратын отандастар істері және халықаралық гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі федералдық агенттік, Жоғары білім беру ұйымдарының консорциумы белсенділікпен қатысты. Форумның алғашқы күні Солтүстік Кавказ федералды округінің ЖОО ректорларының қатысуымен Ресейдің оңтүстігіндегі жоғары оқу орындарының ректорлары кеңесінің отырысы өтті. Модератор ретінде Ресейдің оңтүстігіндегі университеттер ректорлары кеңесінің төрағасы, Оңтүстік федералды университетінің президенті Боровская Марина Александровна, Пятигорск мемлекеттік университетінің ректоры Горбунов Александр Павлович тағайындалды.

Халықаралық форумның мақсаты бірлескен тың идеяларды, жобаларды

жүзеге асыруға тиімді факторлар мен ұсыныстарды топтастыру болатын. Үш күнге созылған онлайн брифингте болашақта бірлескен жаңа жобалардың шығуына себепші болмақ.



СТУДЕНТ ЖАСТАР ЭКСПЕДИЦИЯСЫ

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Тарих мамандығының 1-2 курс студенттері Атырау облысының Мұқыр елді мекенінде орналасқан «Қарақұдық» және «Талқұдық» ерте темір ғасырындағы қорғандарды зерттеу оқу-практикалық (археологиялық) экспедициясына аттанды. Нәтижесінде үш қорғанға зерттеу жұмыстары жүргізіліп: темір, ерте орта ғасырларға жататын жерлеу орындарынан семсер, ақиқақ, темір және қоладан құйылған жебе ұштары, қыш ыдыстар, күміс жапсырмалар т.б. заттар анықталды. Сонымен қатар, сармат дәуіріне жататын жауынгерлердің сүйегі табылды. Бір қорғаннан үш жауынгердің бірінің тұсына қару-жарақтары мен 2 мың жыл бұрынғы құмыра, 4 қой табылып отыр. Қорғанда найза, белдікте пышақ, бір қорап жебе болған.

МАУСЫМ



УНИВЕРСИТЕТІМІЗ ҮЗДІК ОНДЫҚ ҚАТАРЫНДА

IREG — Академиялық ранжирлеу мен басымдық бойынша Халықаралық обсерватория (қысқаша - IREG обсерваториясы) сайтында білім сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз агенттігі – рейтинг ұйымының 2021 жылғы қазақстандық үздік жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингісі жарияланды. Рейтингтің басты индикаторлары ретінде білім беру бағдарламаларының нарыққа қажеттілігі, түлектердің жұмысқа орналасуы, университеттердің ғылыми әлеуеті және ЖОО-ның тағы басқа қызметтері зерделенді. Бұл құжат бойынша көпсалалы жоғары оқу орындары арасында Досмұхамедов атындағы Атырау университеті үздік ондыққа енді. Бұған дейін мысалы, 2016 жылы – 17 орында, 2020 жылы – 15 орында болған едік. Бұл білім ордасы ұжымның үлкен еңбегінің нәтижесі. Алдағы мақсатымыз – алғашқы жетілік қатарына ену.



ДИПЛОМ ТАБЫСТАЛДЫ

Алғаш рет университет студенттерге өз үлгісіндегі дипломдарын ұсынды. Басты негізге алынған бағдар диплом берушінің имиджі емес, бітіруші түлектердің құзыреттілігіне назар аударуы болып табылады.



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КУРСТЫҢ АЛҒАШҚЫ ТҮЛЕКТЕРІ

24 маусымда Атырау университетінде Педагогтік қайта даярлау курстарының тыңдаушыларына сертификат тапсыру рәсімі өтті.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 наурыздағы №110 бұйрығына

сәйкес педагогикалық білімі жоқ, алғаш рет тиісті бейін бойынша педагогтың кәсіби қызметіне кірісетін кәсіптік білімі бар тұлғалар үшін педагогикалық қайта даярлау қағидалары бекітілген болатын.

Осыған орай университетімізде алты білім бағдарламасы бойынша педагогикалық қайта даярлау курстары ұйымдастырылды. Таңдалым бойынша 6В01703 Шет тілі: екі шет тілі, 6В01504 Инженерлік профилді химия пәнінің мұғалімі, 6В01505 Биология пәнінің мұғалімі, 6В01506 География пәнінің мұғалімі, қосымша мамандандырумен географ-өлкетанушы, 6В01404 Бейнелеу өнері және көркем еңбек, 6В01503 Білім беру жүйесіндегі информатика және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бағытында өткізілген курстар 2021 жылғы 18 қаңтар мен 18 маусым аралығында онлайн форматта ұйымдастырылды. Қатысқан 13 тыңдаушы оқу кезеңінде белгілі бір қызмет саласында нақты құзыреттердің қалыптасуын қамтамасыз ететін әр түрлі пәндерді оқыды. Құзыреттілік, қайта даярлау және мансапты жоспарлау кеңсесі жұмысының бір бағыты – педагогтік қайта даярлау курстарын ұйымдастыру, жоспарлау, өткізу.

ҚЫРКҮЙЕК



«ҰСТАЗ» МЕКТЕБІ - ДАРЫНДЫЛАР ОРТАЛЫҒЫ

1 қыркүйек – Білім күні мерекесінде университетіміздің жанынан құрылған дарынды ер балаларға арналған «Ұстаз мектебі» ашылды. Ашылу салтанатында алғашқы сөз Басқарма төрағасы-ректор Саламат Нұрмұханұлы Идрисовке берілді. Арнаулы мектептің негізгі мақсаты білімді оқушылардан бәсекеге қабілетті педагогтерді дайындап шығару. Осы ретте профессор, филология ғылымдарының докторы Қадыр Өтегенұлы мектеп оқушыларына ақжарма тілегін білдіріп, болашақ ұстаздарға сәттілік тіледі.

Жалпы «Ұстаз» мектебінің қандай ерекшелігі бар?

Алдымен, жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттары бойынша терең оқытады, арнайы әдістемелермен ҰБТ-ға тегін дайындық, мамандық таңдауда кәсіби бағдар беру, оқушыларға ұстаз болуға байланысты қосымша дағдыларды меңгерту, шет тілін меңгеру үшін тегін курстар ұйымдастырады, әр оқушының спорттың бірнеше түрімен айналысуына мүмкіндік алады. Осылайша, мектеп мұғалімдерінің жалпы санындағы ер адамдардың үлесін арттыру көзделіп отыр.



АҚШ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ УНИВЕРСИТЕТТЕ

2 қыркүйекте Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне Аризона университетінің өкілдері келді. Білім ордасы ұжымымен кездесу барысында жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықтың мүмкіндіктері талқыланды. Делегацияның бас өкілі – Аризона университетінің халықаралық істер жөніндегі проректоры, құқық профессоры Brent Thomas White өз еліндегі ғалым білім саласына қатысты тың идеяларымен бөлісті, инновациялық жобалар бағыты, университетінің даму жоспары ортаға салынды.

Шетелдік әріптестер университетіміздің маңызды нысандарын аралады. Химия-биология бағытындағы соңғы үлгідегі технологиялармен жабдықталған зертханалармен танысты.

Американың аталған Жоғары оқу орны әлемдегі ең үздік 100 университеттің қатарына кіреді. Сонымен қатар студенттеріміздің екі дипломды білім алу мүмкіндіктері қарастырылды. Аризона университетімен болашақта жасалатын ынтымақтастық екі жақтың студенттері мен оқытушылары үшін мол мүмкіндік беретіндігі баса айтылды.



МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕҮЛІ ЖАСТАРҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛМАҚ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Ғылыми кітапханасында зағип және нашар көретін студенттердің білім беру процесіне қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында оқу машинасы орнатылып, іске қосылды. Бұл жабдық кітаптармен құжаттарды немесе мақаланы бірнеше секунд ішінде сканерлеп, жоғары сапалы дауыспен дауыстап оқу мүмкіндігіне ие.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті мүмкіндігі шектеулі жастардың жоғары білім алуына жағдай жасалуда.



АКАДЕМИК АТЫНДАҒЫ КАБИНЕТ

30 қыркүйекте, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және тарих ғылымдарының докторы, профессор, педагогика ғылымдары академиясының академигі, қоғам қайраткері, университетті көп жылдар бойы басқарып, дамуына үлкен үлесін қосқан Хисмет Бозанұлы Табылдиевтің 85 жылдығына арналған іс-шаралар аясында Х.Б.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы ҒЗИ-дің орталық офисінің ашылу салтанаты өтті. Салтанатты жиынға білім ордасының профессор-оқытушылар құрамы, ғалымдар, мерейгердің үзеңгілес жолдастары, туған-туыстары қатысты.

ҚАЗАН

Басқарма төрағасы-ректор халық алдында есеп берді

14 қазанда «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы-ректоры Саламат Нұрмұханұлы Идрисов халық алдындағы есептік кездесуін өткізді. Кездесу ZOOM платформасында, университеттің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында тікелей эфирде жіберілді. Сонымен қатар, оқу орнының Ғылыми кеңес залында өңірдің білім-ғылым саласы мекемелерінің басшылары, ғылыми кеңес мүшелері, студенттер қатысты.



ФУТБОЛШЫЛАРЫМЫЗ - ӨНІР ЧЕМПИОНЫ

Өңіріміздегі футболшылар арасында 4 айға созылған Атырау облыстық чемпионаты өз мәресіне жетті. Жарыс додасына облыстағы 18 ге тарта мұнай компаниялары, мекемелердің спортшыларымен қатар университетіміздің футбол командасы да қатысқан болатын.

Жарыс қорытындысында спортшыларымыз жеңіс тұғырына көтеріліп, жеңімпаз атанды.

ҚАРАША



ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫ БАС ҚОСҚАН СӘТ

2 қараша күні Лунд (Швеция) университетінің профессоры, PhD докторы, экология, ресурстары, медицина саласында көптеген ғылыми мақалалардың авторы, ұлттық ғылыми

кеңес мүшесі, ғылыми жобалардың жетекшісі Түсіпова Кәмшат Маратқызы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессор-оқытушылар құрамымен кездесу өткізді.



«STARTUP» ЖОБАЛАР КОНКУРСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

2 қарашада «Startup» жобалар конкурсының жеңімпаздарының марапаттау рәсімі өтті.

28-29 қазанда «Startup2021» II Университетшілік жастар бизнес-жобалар конкурсының жаңа маусымы ұйымдастырылған болатын.

Жоба аясында жүзеге асырылған іс-шаралар студент жастарға бизнесті бастау жолдарына маңызды ықпал етеді. Startup жобаларының авторларына краудфандинг, гранттар, акселераторлар тәсілдері арқылы қаражат алуға көмектесетін бірнеше бағыттар қарастырылады. Осы орайда, гранттық қаржылай қолдау тәсілін енгізе отырып, университет ректорының қолдауымен ұйымдастырылған Стартап конкурсының нәтижесі студент жастарға жаңа идеяны жетілдіріп, дамытып өздерін кәсіпкерлік идеяларын көрсетіп, нарықта ұсыну қабілеттілігіне ие болуына зор мүмкіндіктер берді.

Байқауға жаңа бастаған кәсіпкерлер, 16-35 жас аралығында студенттер және жас мамандар қатысқан болатын. Әр факультеттен 21 топ студенттері өздерінің жобаларын ұсынып, оның ішінен 14 жоба қорғауға жіберіліп, байқау қорытындысы бойынша 5 үздік жоба анықталып, жеңіске жетті.



АДАМНЫҢ ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУЫ ҰЛТТЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ АШЫЛДЫ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде 11 қарашада Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының филиалының офисі ашылды.

Университетте ашылып жатқан филиал балалар мен оқушы жастардың рухани-адамгершілік білім беру ісін дамытудағы университетпен институт арасындағы серіктестікті нығайтуға мүмкіндік береді.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ОРНАТЫЛМАҚ
9 қарашада Басқарма Төрағасы-ректор Идрисов Саламат Нұрмұханұлы Тонгмён ақпараттық технологиялар университетінің өкілі (Пусан, Оңтүстік Корея) профессор Ши Мён Сонгпен кездесті. Аталған кездесудің мақсаты-Атырау университеті мен Тонгмён ақпараттық технологиялар университеті арасында ынтымақтастық орнату.



МИХАИЛ ДОРОФЕЕВ АТЫНДАҒЫ АУДИТОРИЯ

17 қараша күні Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде ҚР Журналистер Академиясының академигі, ҚР Президенті сыйлығының лауреаты, бірнеше телевизиялық бағдарламаларда, интернет порталда басшылық қызметте болған білікті маман, университетіміздің түлегі М.В.Дорофеевтің атаулы аудиториясының ашылды.



АҚТАУ ҚАЛАСЫНА САЯХАТ

Атырау облысы әкімдігі қолдауымен Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық

мерекесі қарсаңында Кәсіпкерлік және индустриялық – инновациялық даму басқармасы туризм саласында «Fly Arystan» әуе компаниясымен ынтымақтастығы аясында Атырау университетінің студенттері мен оқытушылары Ақтау қаласына экскурсияға барды.



СТУДЕНТТЕР ҚАТАРЫНА ҚАБЫЛДАНДЫ

17 қараша күні Жайық спорт кешенінде Халықаралық студенттер күнімен тұспа-тұс 1 курс білім алушыларын студенттер қатарына қабылдау кеші өтті.

«МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ МЕКТЕБІ» АШЫЛДЫ

2021 жылдың 22 қарашасында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің басшылығымен Атырау университетінде Менеджмент кафедрасымен бірлесіп «Мемлекеттік қызмет мектебінің» ашылу салтанаты өтті.



«КҮЗГІ БАЛ-2021»

25 қараша күні Атырау университетінде «Күзгі бал-2021» сайысы өтті.

Онда студенттер білімдері мен өнерлерін көрсетті. Жарысқа түскен жұптар көрермендерді әр кезеңге өз ерекшеліктерімен дайындалып, креативті шоуларымен таң қалдырды. Қазылар алқасы өнер көрсеткен жеңімпаздарға әр түрлі номинация бойынша мақтау қағаздарын табыс етті.

ЖЕЛТОҚСАН



«ДАРЫН» - ИНКЛЮЗИВТІ РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

6 желтоқсан күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Инновациялық білім беру факультетінің Психология және арнайы білім беру кафедрасының ұйымдастыруымен «Дарын» - инклюзивті ресурстық орталығы ашылды.



МЕМЛЕКЕТТІК ХАТШЫ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ

9 желтоқсанда Атырауда Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған салтанатты іс-шараға қатысты. Сондай-ақ, Атырау университетінде орналасқан Саяси қуғын сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Өңірлік комиссиясының Жобалық кеңесінде болып, Саяси қуғын сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссиясы жұмысына басшылық ететін Қырымбек Көшербаев Атырау облыстық комиссияның жұмысымен танысты.

МАЙДАНГЕР ҰСТАЗ - ҒАБДРАХМАН АЙДАРАЛИЕВ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде жасалып жатқан игі істер баршылық, солардың бірі – «Егеменді еліміздің 30 жылдығына 30 дәрісхана» аты білім саласының майталмандарын, ғалымдар мен ерен еңбегімен есте қалған ұстаздарды жастарымыздың ұмытпауы мақсатында олардың аттарына атаулы дәрісханалар ашу.

Осындай ұлағатты ұстаздарымыздың бірі – КСРО және Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі, Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған ардагері, саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап, ерен еңбегімен аты Атырау халқының жадында сақталған, жаратылысы мен болмысы бөлек, жаны ізгі әріптесіміз, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің психология кафедрасының «Құрметті профессоры» Ғабдрахман Әшімбаевтың Айдаралиев.

Айдаралиев Ғабдрахман Әшімбаевтың 1925 жылы 15 ақпанда Орал облысының Орда ауданы Мешітқұм ауылында шаруаның жанұясында дүниеге келген.

1942 жылы Әшімбаев ағаның алты ұлы қан майданға аттанды, жанұяның кенжесі тоғызыншы сыныптың оқушысы Ғабдрахман аға да өз еркімен соғысқа аттанып, елін, жерін абыроймен қорғап, жеңісті жақындатуға өз үлесін қосты.

Сұрапыл соғыстан оралғаннан соң Ғабдрахман Әшімбаевтың өз өмірінің 60 жылдан астамын еліміздің бақытты болашағына, ел игілігіне, ұстаздыққа арнады.

Ұстаздық еңбек жолын Батыс Қазақстан облысының А.С.Пушкин атындағы орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Орал, Гурьев облыстарында мектеп инспекторы, орыс және неміс тілдерінің мұғалімі қызметтерінен бастаған Ғабдрахман ағаның ұлылығы да ұстаздығында, ол 1964 жылдан Гурьев педагогикалық институтының аға оқытушысы, 1982 жылдан психология кафедрасының доценті, 2000жылдан университеттің профессоры.

Ғабдрахман Әшімбаевтың «Профориентационная работа: теория и практика», «Нарық және әлеуметтік психологиялық мәселелер», «Нарық психологиясының жалпы мәселелері», «Әлеуметтік психологиялық мақалалар жинағы», «Основы рыночной психологии» атты ғылыми психологиялық еңбектердің авторы.

Ұстаз еңбегі елеусіз қалған жоқ, ұстаздық және ғылыми әдістемелік еңбектері үшін профессор Ғ.Ә.Айдаралиев «СССР халық ағарту ісінің үздігі», «Қазақстан білім беру ісінің үздігі», Бүкілодақтық



«Білім» қоғамының «Белсенді қызметі үшін» төсбелгілерімен, СССР Министрлер Кеңесінің, ВЛКСМ Орталық Комитетінің, Қазақ ССР оқу ағарту Министрлігінің, Гурьев ҚКП обкомының Құрмет грамоталарымен және ғылыми педагогикалық еңбектегі айрықша қызметі үшін Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгімен марапатталды.

Ғабдрахман Әшімбаевтың психология ғылымының түрлі салаларынан дәріс оқыды, бұл ғылым ұстаздан терең, дәл теориялық білімді керек етеді, болашақ маманға осы ғылым саласынан терең білім беру үшін осы теорияларды өмір тәжірибесімен үйлестіріп, үндестіріп байланыстыра білу керек, ал ол ұстаздан шеберлік пен ізденісті керек етеді. Ғабдрахман Әшімбаевтың: «Психология ғылымын меңгерту арқылы біз жастарды дұрыс өмір сүруге үйретеміз» деуші еді.

Ғабдрахман Әшімбаевтың терең теориялық білімімен қатар, сол білімді студенттерге ерекше тартымды мазмұнда жеткізе білу шеберлігі біздерге өте әсер етті, ол дәрісті қағаздан қарап оқу дегенді білмейтін және оқытушылардан да дәл осындай дайындық пен шеберлікті талап етті.

«Жеңіс солдатты!» Бұл кафедра оқытушыларының Ғабдрахман Әшімбаевтың және тағы да басқа өз Отанын қасық қаны қалғанша қорғауға даяр болған ержүрек батырларымыздың ерлігін паш ететін кездесулер мен кештердің, әдеби музыкалық композициялардың тақырыбы. Бұл

тақырып Ғабдрахман ағайға ерекше ұнайтын, ол: «Кездесулеріңнің тақырыбында үлкен философиялық мән жатыр, мен өзімді соғыста ғана емес, өмірде де өз борышын атқарып жүрген солдаттарша сезінемін» деп кездесулерден кейін өзінің ризашылығын білдіретін.

Кездесу кештерде қаһарман ұстаз соғыс жылдарын әрбір жастың көз алдына шынайы бейнелеп, «ел басына күн тұса, сен не істер едің?» деп жастармен үнемі диалогта болатын және Ғабдрахман аға студенттермен бірге өзінің құлаққа жағымды қоңыр дауысымен орыс халқының «Подмосковные вечера», қазақтың «Қараторғай» әндерін шырқайтын.

Ағайдың бойындағы үлкен бір таң қаларлық қасиет қанша жасқа келсе де есте сақтау қабілетінің жоғарылығы еді. Ол студенттердің аттарын, бірнеше шумақтардан тұратын әндердің сөздерін шатастырмай, ұмытпай, шебер, нақышына келтіре орындап, жандында сақтайтын.

Кафедраның қазіргі аға буын ұстаздары Ғабдрахман ағайдың кафедра меңгерушілігі тұсында ұстаздық еңбек жолын бастадық, біздің өткізген ашық сабақтарымыз бен тәрбиелік шараларымызға қатыса отыра, ісімізге сүйсініп: «Сендер менің кадрларымысыңдар, осылай жұмыс жасамауға сендердің қақыларың жоқ» – деп қуанатын. Ғабдрахман ағаның берген бағасы бізге зор күш беріп, жаңа идеялардың пайда болуына, өз ісімізге

алға қарай да жауапкершілікпен қарауға талпындыратын.

«Арпалысып жүріп алған абырой өмірдің ең шырын рахаты» деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Ғабдрахман ағайдың өмірдегі ұстанған ұраны да, оны халық арасына танымал етіп, беделі мен абыройын асқақтатқан да ол әділдік болды, ол көзбояушылық пен әділетсіздікке, екіжүзділік пен мансапқорлыққа төзе алмайтын, сол қасиеті арқылы жастарды әділеттілік пен жауапкершілікке, әдептілікке тәрбиелеуде өзінің ісімен үлгі өнеге бола білді.

«Ғалымның хаты өлмейді» демекші, бүгінгі күнде кезінде Ғабдрахман Әшімбаевтың өзі ұйымдастырып, ашуға ат салысқан «Психология және арнайы білім беру» кафедрасының профессор-оқытушылары психология ғылымының дамуына өз үлестерін қосып, ұстаз ісін абыроймен жалғастыруда, Ғабдрахман аға туралы оның мәдениеттілігі мен парасаттылығы, ұстаздық шеберлігі, жантанушылығы мен білімділігі, әншілігі, гросмейстер шахматшылығы туралы университетіміздің әрбір ұстазы, білім алған шәкірттері үнемі зор құрметпен, сүйіспеншілікпен еске алып отырады.

Университет профессоры, филология ғылымдарының докторы Қадыр Жүсіп өзінің Ғабдрахман Әшімбаевты арнаған «Майдангер ағаға» атты өлеңінде:

Кездерде намыс пенен ар табысқан,
Фашистің дарып оғы қалтарыстан,
Тербеліп екі басы таразының,
Өлім мен өмір тұрды арпалысқан.
Солдаттың қаны менен тері сіңген,
Куәгер гимнастеркаң өр ісіңнен.
Өлімнен қалған елді аршалап,
Тірісің, аға, бүгін Жеңісіңмен! – деген өлең жолдары Тәуелсіздігіміздің негізін қалаған, өлкемізде психология ғылымының қалыптасып, дамуына өз үлесін қосқан ұлағатты ұстаз Ғабдрахман Әшімбаевтың өшпес ерлігі мен үлгі өнегесі арқылы жастарды өз елінің патриотты болуға шақырады.

Келешек ұрпақ үшін ұстаздың тағлымды өмірін жан-жақты насихаттап, мәңгі есте қалдыру мақсатында Ғабдрахман Айдаралиевтың тұрған үйінің қабырғасына мемориалды тақта орнатылды. Тұғырлы тұлғаның жарқын бейнесі әріптестерінің, шәкірттерінің жадынан өшпек емес.

А.Е. ҚАЖЕНБАЕВА,
Психология және арнайы білім беру кафедрасының доценті

Абырой арқалаған азамат



Өмірдегі көп мамандықтардың ішіндегі икемділік пен білімділікті, шеберлік пен мейірімділікті, шәкіртжандылықты қажет ететін мамандық ұстаздық мамандық деп бағалаймын.

Олай дейтін себебім, ұстаздық – біріншіден, адамзат қоғамындағы жинақталған ғылым негіздерінен керегін ала отырып білім беруге, екіншіден үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманына жол сілтеуге, дұрыс бағыт-бағдар беруді мойнына алған нағыз маман иесі. Ұстаз бен шәкірт сабақтастығы ғұмыр бойы үзілмейтін алтын тінжіп сияқты үнемі бір-бірімен жалғасып жатады. Сондықтан да ұлағатты ұстаз атану тек өнегесімен, асыл қасиеттерімен шәкірттер жүрегінде мәңгілік қалған жандарға ғана тиесілі.

Менің осы естелімде әңгімеге

арқау еткелі отырған ағайымыз – өмір тіршілігінде үлгілі жаңуа басшысы, еліне елеулі, халқына қалаулы азамат атанып, бар саналы ғұмырын жас ұрпақтарды оқытып, тәрбиелеуге арнаған, үлкендерге іні, жасы ұлғайғанда ауылдастарына абыз – ақылшы аға бола білген, «Құрмет», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерінің, Қазақ КСРы білім беру ісінің үздігі, Ы.Алтынсарин төс белгілерінің иегері, Атырау қаласының және Атырау облысы, Исатай ауданының Құрметті азаматы, ұлағатты ұстаз Есет Қаженбайұлы туралы болмақ. Әсіресе ұстазым өзінің шәкірттерін, кәсібін, пәнін, мектебін шексіз сүйген адам.

Ұстаздың осыншама қадір-қасиетке, құрметке бөленуі өзін қоршаған ортамен әрбір шәкіртіне асқан жауапкершілікпен қарым-қатынас жасауында екені сөзсіз. Өйткені, оның қарапайым да сыпайы киім киісі мен әр сөзді астарлап мәдениетті сөйлеуі, жүрісі, тұрысы, жинақталып іс-әрекеті, білімі шәкіртке де, ата-анаға да үлкен өнеге. Сондықтан ұстазға тән ең бірінші қасиет ол – баланы құрметтеу. Ағайдың адамшылық ар-намысын, тұлғасын, жасы кіші екеніне қарамай үлкен адамдарша сыйлау, құрмет тұту деп топшыла-

дым.

Оның мейірімге толы жүрегі шәкірт бойындағы талай ағартықты кешіре білуде.

Осы тұста дана Абайдың: Ақырын жүріп анық бас, Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға, – деген өлең жолдары еріксіз ойға оралады. Егер әр шәкірт өмірде бір кірпіш болып қаланып, ұстаздан шәкірті озып жатса, төккен тер мен адал еңбектің ақталғаны емес пе!

Есет Қаженбайұлы ел мен жерге беріле еңбек етуден, бітімі бөлек адалдықтан тұратын айрықша болмысы бөлек азамат. Мен 1994 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітіріп келген соң, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің география кафедрасында, кемел ойлап, кең пішетін кісілік келбеті, жақсылық жасау мен ізгілік көрсетуден аябайтын, ақыл-парасаты мол, халық мүддесі жолында адал еңбек еткен Есет ағайыммен еңбек демалысына кеткенге дейін жұмысқа болғанымда дән ризамын. «Ұстазы жақсының – ұстама жақсы» дегендей, Есет ағай алғаш рет кафедрада кездескен кезде, бірден жылы шырай танытып әңгіме тартты. Осылайша ұлағаты мол ұстаздың өзімнен жер-

лес, әрі туыстығымыздың бар екенін білдім. Асықпай отырып «Арманжан білмей жүрсем сен Қабекеңнің немересі екенсің, ғой. Ол кісі өте ерекше адам» деп маған батасын берді. Сөйтсем, ағай құм Нарында алғашқы ұстаздардың бірі болған атам Қабдел Жұмағазыұлымен, ол кісінің ұлдары Ибатолла, Закария Қабделұлдарымен Мыңтөбе елді мекеніндегі К.Маркс мектебінде бірге жұмыс жасаған екен. Содан үйге келген соң әкеме болған жайды айтып бердім, сонда әкем «Есаған үлкен жүректі ұстаз әрі мінезге бай адам ғой, тіпті қанша ашуланып отырса да дауысын көтермей сабырмен сөйлеп ұжымды ұйытып басқаратын еді» деген болатын. Сол кезден бастап Есет ағайды мен өзімнің тәлімгер ұстазым деп есептедім, себебі ағай облыстық халық ағарту саласында көп жылдар әртүрлі басшылық қызметтер жасап, еңбек демалысына шыққаннан кейін Жоғары мектепке қызметке келген тәжірибесі мол ұстаз болатын

Есет Қаженбайұлы университетімізде сол жылдары жаңадан ашылған «География» мамандығының қалыптасуына, кадр даярлауда және география кафедрасының дамып өркендеуіне өзінің зор үлесін қосты. 1994 жылдан бері

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «География» кафедрасының аға оқытушысы, доценті, 2008 жылдан профессоры болып жұмыс жасаған. 20-дан астам оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарын, оның ішінде тұңғыш жарық көрген «Атырау облысының географиясы» оқулығының авторы. Халқымызға тән ізгілік пен ізеттілік жағынан да Есет ағайымыз әр кез кейінгіге үлгі-өнеге бола білді. Ағайын-дос арасындағы береке-бірлікті, тату тірлікті сақтау жөнінен де оның кісілігі мен кішілігін ерекше атауға болады. Оның тағы бір ерекшелігі артық ойын-күлкі, арзан мақтау мен мадақтау, ерсі сөз, қатты зіл дегенді көрсетпейтін еді.

Өнеге күші өлшеусіз десек, ағайымыздың өмірдегі өнегесі кейінгі жастарға, туыстастарына қашанда үлгі-өнеге болып қала бермек. «Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» дегендей, әке ізін жалғастырушы ұл-қыздары мен немерелеріне ағайымыздың өз замандастары арасындағы абыройлы беделін қашан да ортайтпауына тілектестік білдіремін.

Арман ЖҰМАҒАЗИЕВ,
«География, туризм және су ресурстары» кафедрасының меңгерушісі

ҒЫЛЫМ МЕН ӨНДІРІСТІ ТЕҢ ҰСТАҒАН



«Адамның барлығы да бірдей, тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ», – деп ерте заманда – ақ дана Абай атамыз айтып кетті емес пе?! Расында да жинаған тәжірибесі жоқ, бір істі бастауға батылы жетпейтін, әке – шешесіне арқа сүйеп жүрген адамның болашағы жарқын болатынына күмәнім бар. Ғылыммен айналысып, білім алудың өзі – үлкен сауаптардың бірі. Сауап жинап қана қоймай, осы тұста жаңалықтар ашып, соның бәрі менің еліміздің ауыл шаруашылығының дамуына үлесін қосқан мықты маман – ұстаз ағамыз.

Ұстаз болу үшін не керек? Әрине, білікті білім. Дегенмен, жалаң білімпаздық толыққанды болмас деп ойлаймыз. Ең бастысы – мұғалімнің шәкірттеріне деген сүйіспеншілігі, мейірімділігі. Бұл қасиеттер ауадай қажет. Ал жақсы ұстаз болу үшін студенттерің туған баласындай көріп, қамқорлық жасап, кемшілігін жасырып, жетістігін асырып, алға баулып отырса, таудай биік, мұхиттай терең, аспандай асыл, ақиқаттай таза «ҰСТАЗ» деген ұлы ұғымға ие болған Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары факультетінің ветеринария ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Қибасов Мади ағай туралы жазбақпын. Ол кісі 1941 жылы 15 маусым айында дүниеге келген. 1958 жылы Атырау қаласындағы он жылдық Абай атындағы мектебін бітіріп, өзін қызықтырып жүрген Алматы қаласындағы «Алматы Зооветеринарлық мал дәрігерлік институтын» оқуға түсіп, 1963 жылы оқуын меңгеріп мал дәрігері дипломын алды. Оқуын аяқтаған жылы, кіндік қаны тамған туған жеріне оралып Атырау қаласындағы облыстық мал дәрігерлік лабораторияға

жұмысқа орналасты. Өз мамандығына адал қызмет етіп, сырт көзге өзін білікті маман ретінде ой қалыптастыра білді. Атырау қаласындағы облыстық мал дәрігерлік лабораториясында 1963–1966 жылдар аралығында вирусолог – гельминтолог болып қызмет атқарды. Еңбек жолында туындаған мәселелерге шешім қабылдай алатындығын және көшбасы қабылеті болғандықтан болар 1966–1982 жылдары Атырау облысының ауылшаруашылық басқармасының эпизоотология бөлімінің басшысы және 1982–1983 жылдары сол лабораторияның басшысы қызметін атқарды. 1983–1987 жылдары аралығында өз еңбек жолындағы жинаған тәжірибесімен Атырау облысындағы ауылшаруашылық техникумының білікті мамандарымен бөлісе директорлық лауазымын атқарған болатын. «Еңбекке үйренем десеі еріңбе» дегендей Мади ағай өзінің еңбек жолын Гурьев облысындағы мал дәрігерлік ғылыми-зерттеу станциясының директоры қызметінде 1987–1995 жылдары аралығында үлкен жауапкершілікпен жалғастырды. «Еңбек ширатады, өмір үйретеді» – де-

гендей 100-ден астам ғылыми мақала жазып шығарған, сонымен қатар 1999 жылы «Мал шаруашылығы тәжірибесінен» және 2004 жылы 160 беттен тұратын «Мал аурулары және оларды емдеу» атты монографиялары жарық көрген. 3 авторлық куәлік игері атанған. 1980 жылы «Эпизоотология, диагностика мәселелері және түйе туберкулезімен күресу шаралары» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын жоғары деңгейде қорғады. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп бекер айтпаған, ізденістің нәтежесінде мал арасында кездесетін жұқпалы ауруын емдейтін АЦС дәрісін ойлап тапқан болатын. Түйе малында кездесетін туберкулез ауруын анықтаудың әдіснамасын жазып шығарды. Атырау облысының көлемінде төрт-түлік малдардың арасында кездесетін аурулардың картограммасын жазып, оларды болдырмау бағытындағы іс-шараларды іске асырудың әдіснамасын жазып шығарған. Мал шаруашылығы саласында кездесетін келеңсіздікті болдырмау мақсатында көптеген ұсыныс пікірлерді жазды. Бүгінде өзінің қалаған кәсібін ашып, халыққа да, мемлекетке

де пайдасын тигізіп табысқа жеті, соның нәтежесінде 1973 және жылы «Социалистік жарыстың жеңімпазы» атты медалмен, 1978 жылы «Кеңес Одағының халық шаруашылығы жетістіктері» көрмесінің Қола медалімен марапатталған болатын. 1979–1980 жылдардың қыс мезгілінде мал шаруашылығы өнімдерін өндіріп, дайындауды арттыруда республикалық социалистік жарысты қолжеткен табысы үшін Құрмет грамотасымен марапатталды. 2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеу орталығынан Қазақстанның аграрлық ғылымында көп жылғы жемісті еңбегі үшін Құрмет грамотасымен марапатталған болатын.

Қорыта келе, «Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң, арқалан. Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар қалан», – деп ұлы Абай айтқандай, адамның өмірден өз орнын тауып, қоғамға еңбек сіңіруі басты мәселе болып табылады.

**Жұматов Гүлшат
Ғабитқызы,
магистр, аға оқытушы,
биология және
ауылшаруашылық пәндері
кафедрасының меңгерушісі**

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ТАРИХЫНДАҒЫ ӘБІЛҚАЙЫР ХАН

Жақында мұнайлы өлкеде «Алтын Орда мемлекетінің 750 жылдығы» халықаралық дәрежеде аталып өтті. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы аясында өткен бұл ғылыми шара, сөз жоқ Қазақ мемлекеттілігі тарихының ерекше бір көрінісі болды. Алтын Орда – Ақ Орда – Қазақ хандығы тарихы жан-жақты, тың деректермен зерделене бастады. Қазақстанның батыс аймағында қазақ хандығының өркендеуі Әбілқайыр ханнан бастау алып Бөкей Ордасының құрылуымен тығыз байланысып жатыр. Зерттеушілер пікірінше, Әбілқайыр есімі тарихи әдебиеттерде 1715 жылдардан бастап кездеседі. Шежіреге сүйенсек: Жәнібек хан – оның ұлы Үсек – оның ұлы Бөлекей Қоян – оның ұлы Айшуақ – оның ұлы Ырыс – оның ұлы Қажы – оның ұлы Әбілқайыр болып келеді. Қажы сұлтан 18ғасыр басында Түркістан қаласында билік жүргізген. Әбілқайыр билікке 1710 жылдардан бастап араласа бастаса, 1718 жылдардағы құжаттарда хан деген атаққа деп көрсетіледі. Шәкәрім Құдайбердіұлының көрсетуінше Жоңғар шапқыншылығының ең ауыртпалы «ақтабан шұбырынды» кезінде Әбілқайыр өзіне бағынышты ауылдармен 1723 жылдың көктемінде Түркістаннан Жайық өзені бойына қарай қоныс аударады. Еділ өзені мен Жайық өзені арасын жайлаған батыс қалмақтарына қарсы жорық жасайды. Әбілқайырдың 40 мың қолмен Жайық бойына келуі, бұл аймақтың жағдайын түбегейлі түрде өзгертті. Қалмақ ханы Аюке қоныстарын Еділ өзеніне қарай бұрса, Қарақалпақ ауылдары Каспий теңізінен оңтүстікке қарай, ал башқұрттар Елек, Орб өзенінен жоғары қарай сытыла көшті. 1724 жылы Әбілқайыр кейін, Түркістан қаласына қарай оралмақшы болғанмен жоңғарлардың қатты қарсылығына ұшырап Жайық пен Еділ аралығына қайта оралады. Қазақстанның батыс аймағында Әбілқайыр хандығының (кіші жүз) нығайында Тілеуберген би, тама Есет батыр және табын Бөгенбай батырлар ерекше еңбек етеді. Әбілқайыр ханның тарихи тұлғасы зерттеушілер Әбілсейіт Мұқтар, Ирина Ерофеева, Жаңабек Жақсығалиев еңбектерінде жан-жақты талданған. Әбілқайырды көптеген зерттеушілер қазақтарды Ресей бодандығына қосқан хан ретінде жазғырса, Әбілқайыр ғұмырнамасын жан-жақты таразылаушылар, оның терең сауаттылығын, әскери талантын, ақсүйектік хан әулеті қағидасына адалдығын ғылыми мойындап төмендегідей қорытынды жасайды. Әбілқайыр 1730 жылдары Ресеймен жақындасуы, біріншіден орыс қаруы арқылы жоңғарларды жеңу, екінші орыс көмегімен бүкіл қазақ даласына билік жүргізу, үшінші көршілес Хиуа хандығы мен башқұрттарды қазақ хандығына қосу еді. Бұл жоспар орындалған жағдайда

біртұтас, мықты мемлекет құрылуы да ықтимал болатын. Ал, орыс саясаткерлері оның бұл ойын түсініп, қарсы болғанда Әбілқайыр орыстардан теріс айналып жоңғар билеушілерімен (өзінің қызын жоңғар қантойшысы Цеван Доржыға береді) және орта азия хандықтарымен байланыс орнатады. 1748 жылы тамыз айында Әбілқайыр хан байқаусызда Барақ сұлтан әскері қолынан қаза табады. Қазақ салтында ханды өлтіру үлкен қылмыс болғандықтан билер соты мәселені терең тексеріп Барақ сұлтанға 2 мың



қой есебінде құн салады. (Әбілқайыр хан жасауылдарының Барақ сұлтан қалыңдығына арналған керуенді тонау ісі ашылады). Әбілқайырдың үш ұлы: Нұралы, Ералы, Айшуақ және тоғыз немересі: Есім, Пірәлі, Жантөре, Серғазы, Бөкей, Қаратай, Сығай, Бөлекей, Темір, бес шөбересі: Қасым, Маты, Жәңгір, Қайыпқали, Сауқым болған. 1748 жылы хан болып Нұралы сайланады. Оны осы лауазымға Ресей патшасы 1749 жылы бекітеді. Нұралы өз саясатын тікелей орыс отаршыл әкімшілігі ықпалымен жүргізеді. Башқұрт шаруалары толқуы және Пугачев көтерілісі кезінде орыс әскерін қолдайды. Сондықтан осы жылдары Қазақстанның батыс аймағына башқұрттардың барымтасы күшейе түседі. 1786 жылы Сырым Датұлы қозғалысының басталу кезінде, халық толқуынан сескеніп Орск бекінісін паналайды. 1786–1790 жылдары орыс отаршыл әкімшілігі шешімімен Уфаға жіберіледі және осы жылдары хандық билік орны бос тұрады. Ресей патша әкімшілігінен Нұралы ханды орнына қайтаруды сұрап, орта жүз ханы Уәли, сұлтан Құдайменде және бұрынғы Әбілқайыр хан жақтастары өтінігненмен талаптары орындалмай Нұралы 1790 жылы Уфада қайтыс болады. Оның 40 ұлы және 30 қызы болған (А.И. Левшиннің көрсетуі бойынша).

1791–94 жылдары Әбілқайырдың екінші ұлы Ералы хандық билік жүргізді. 1794–97 жылдары Нұралының ұлы Есім хандық билік жүргізіп, 1797 жылы Сырым Датұлы көтерілісшілері қолынан қаза тапты. 1797–1805 жылдары Әбілқайырдың ұлы Айшуақ хан болды. Бұл кезеңді, осы жылдары Орынбор шекара комиссиясын басқарған Генс «өте ауыр, революциялық толқулар кезеңі» деп бағалаған. Айшуақ жасының үлкеюіне және денсаулығына байланысты хандықты 1805 жылы тапсырып, 1810 жылы қайтыс болады. 1805

жылы 03 қыркүйекте Орынборға жақын жерде хандық лауазымға Айшуақтың ұлы Жантөре сайланады. Бұған хандық биліктен дәмелі Қаратай сұлтан қарсы болып, 1806 жылы Қобда өзені бойында ру старшындары жиынында өзін хан деп жариялайды. Орыс отаршыл әкімшілігінен қолдау ала алмаған Қаратай 1809 жылы 02 қарашада Мергеневск форпосы маңындағы хан ауылына шабуыл жасап Жантөре ханды өлтіреді. Орынбор шекара комиссиясы есебінше әкімшілікке 36 363 сом ақша шығын келтіреді. Орынбор генерал – губернаторы хандық билікке 1812 жылы Айшуақтың ұлы Шерғазыны хан етіп бекітеді. Міне, осы уақыттан бастап Шерғазы мен Қаратай арасындағы ағайын – араздық, өштесу үлкен соғыс өртіне ұласады. Орынбор губернаторы П.К. Эссен араласуымен соғыс біршама басылып, жергілікті ру старшындары Батыр сұлтанның шөбересі Арынғазыны хандық билікке итермелейді. Ресей әкімшілігі қолдаған Арынғазы 1816–21 жылдары хандық билік жүргізеді. Қаратай хандықтың батыс бөлігін басқарушы сұлтан лауазымына бекітіледі. Арынғазының басты мақсаты қазақтарды Хиуа хандығы қол астынан босату үшін күрес болды. Осы күресте бауырлары қаза болып, шешесі мен қарындастары хиуалықтар қамауына

түсті. Хиуалықтарға қарсы күресте орыстарға сенген Арынғазы, Петерборға шақырылып, сол жерден Калуга қаласына жер аударылып, 1833 жылы қайтыс болды. Осы кезеңде орданың заңды ханы Шерғазы 1824 жылы Орынборға шақырылып Қазақстанның батыс аймағында хандық билік жойылды. Хандық территориясы үшке бөлінді: бірінші – Батыс бөлік (Елек және Темір өзендерінің батысынан Арал теңізіне дейін), екінші – Орта бөлік (Тобыл, Тоғызсақ және Аят өзендерінің бойлары), үшінші – Шығыс бөлік (Сырдария өзенінен солтүстік шығысқа қарай). Қазақстанның батыс аймағындағы хандық билік тарихында Бөкей немесе Ішкі қазақ ордасының орны ерекше. 18 ғасыр соңы мен 19 ғасыр басындағы хандық билік үшін күресте, өзінше бөлек жол таңдаған Нұралы ханның ұлы Бөкей сұлтан 1797 жылы Орынбор губернаторы, барон Игельстромнан Жайық пен Еділ өзендері аралығына көшіп – қону үшін рұхсат алады. Кейін, Жайық пен Еділ өзендері аралығына шекара бақылауын жасайтын Астрахан казак – орыс әскері атаманы П.С. Поповпен етене жақындасып, сол арқылы 1801 жылы 11 наурызда Ресей патшасы Павел I – інші Бөкей сұлтанға Жайық пен Еділ өзендері аралығын қоныстануға рұхсат берген жарлық шығарды. Бөкей сұлтаннның Жайық пен Еділ өзендері аралығына заңды түрдегі көші 1801 жылы 20 желтоқсанда болды. Желтоқсанның ызғарлы күні көшті бастаған Бөкей сұлтанмен бірге, 183 түтін, яғни 740 адам және мал – мүлктен 24 түйе, 1366 бас ірі қара 3300 жылқы, 102 500 қой мал – дары Жайық өзенінен өткізілді. Көшті қадағалау Астрахан казак – орыс әскері жүзбасы В.Ф. Скворцовқа (1818 – 1822 жылдары Астрахан казак – орыс әскері атаманы) міндеттелді. Бөкей ордасының саяси – құқықтық мәртебесі 1812 жылы нақтыланып, осы жылы Бөкей Орал қаласында хандық билікке салтанатпен отырығызылды. 1815 жылы Бөкей қайтыс болғасын оның орнына, баласы Жәңгір көмелетке толғанша Шығай Нұралыұлы, 1823–1845 жылдары Жәңгір Бөкейұлы хандық билік жүргізді. Бөкей ордасы мен оны басқарған хандардың тарихи тұлғалары туралы Қазақстан тарихнамасы өте бай. Олардан тағылым аларлық деректер де баршылық. Жалпы Қазақ хандығы тарихында Қазақстанның батыс аймағында қалыптасып, өркендеген Әбілқайыр хан мен оның ұрпақтарының биліктері ерекше мәнге ие. Бұл, Тәуелсіз еліміздің заңды тарихи шекарасының қалыптасуында ғана емес, халқымыздың қайталанбас ұлттық этникалық құрамының да қалыптасуында деп білуіміз керек.

**Лесқали БЕРДІҒОЖИН,
тарих ғылымдарының докторы**



15 желтоқсанда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік - Тұғырым» атты мерекелік салтанатты пара өтті.

Басқарма Төрағасы - ректор Саламат Нұрмұханұлы Идрисов Тәуелсіздік жылдарындағы университет жетістіктері туралы баяндама жасап, жиынға қатысушыларды айрықша мерекемен құттықтап, мерекеге орай Тәуелсіз Қазақ елінің дамуына үлес қосып, кәсіби білікті мамандар дайындап, еліміздің зияткерлік әлеуетінің өсуіне және қазақстандық қоғамның әлеуметтік және рухани-мәдени үдерістерінде өлшеусіз қызмет етіп жүрген бірқатар профессор оқытушылар мен қызметкерлерді марапаттады.

Атап айтсақ, Ректор кеңесшісі, педагогика ғылымдарының докторы, Педагогика кафедрасының профессоры, Мемлекеттік награда «Парасат» орденінің иегері Иманғалиев Асхат Сәлімұлы «Ахмет Байтұрсынов» атындағы орденмен марапатталды.

Атырау өңірінің дамуына аса зор үлес қосқан ардагер, Атырау университетінің алғашқы түлектерінің бірі, Атырау облысының Құрметті азаматы Ризуанов Қатимолла Ризуанұлы өңірдің білімі мен саяси-қоғамдық өміріне белсенді араласқаны, жас ұрпаққа тәлімді кездесулерге келіп, университет тыныс-тіршілігіне қосқан үлесі үшін университетіміздің атынан «Халел Досмұхамедов» атындағы алтын медалмен марапатталды.

Сонымен қатар, Әзірбайжан этномәдени бірлестігі атынан Гарибов Гариб Имранұлы Идрисов Саламат Нұрмұханұлы, Хайржанова Ақмарал Хатифқызы, Өтепқалиева Қансулу Мұсақызына алғыс хат табыстады.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 2 желтоқсандағы Жарлығы бойынша «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалмен физика-математика ғылымдарының кандидаты, информа-

тика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, өңірде IT мамандарын дайындауда зор үлес қосқан Салтанова Галия Айсакызы, Ректор аппараты жетекшісі, Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Кайргалиева Гулфайруз Қайырғалиқызы марапатталды.

«Ахмет Байтұрсынов» атындағы алтын медалмен музыка және өнер кафедрасының аға оқытушысы Кипиев Қуанышқали Мизамұлы, Орыс филология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты. Көптеген жылдар факультет кеңесінің хатшысы Дутбаева Сауле Сергоқызы, экономика ғылымдарының кандидаты, экономика кафедрасының меңгерушісі, «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» республикалық байқауының жеңімпазы, бірнеше ғылыми жобалардың жетекшісі Сабирова Рысты Қуандықызы марапатталды.

«Ахмет Байтұрсынов» атындағы күміс медалмен Педагогика ғылымдарының кандидаты, физика ғылымдарының қауымдастырылған профессоры, «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» республикалық байқауының жеңімпазы, бірнеше ғылыми жобалардың жетекшісі Қуанбаева Баян Олжағалиқызы, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі Абдрахманова Жумазия Мажитқызы, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, бірнеше жек көрмелері ұйымдастырылған. Ел тарихынан сыр шертетін тарихи тақырыптағы картиналардың авторы Кендір Отарбай Қанатұлы, Қазақстан Республикасы Мәдениет қайраткері, студенттік оркестр жетекшісі Естаев Тынышбек Байгабулұлы марапатталды.

«Ахмет Байтұрсынов» қола медалмен тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан және дүниежүзі кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а., Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық

ақтау жөніндегі өңірлік комиссиясының мүшесі Сармурзина Нағима, педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика кафедрасының аға оқытушысы, халел Досмұхамедовтың ғылыми-педагогикалық мұрасын зерттеуші Базарғалиев Ғабит Бағытжанұлы, экономика ғылымдарының кандидаты, экономика және құқық факультетінің деканы Адиетова Эльмира Мизамғалиқызы, қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Турдалиев Кадылбек Улжабаевич филология ғылымдарының кандидаты, Орыс филологиясының профессоры, университеттің ғалым хатшысы Кенжебаева Жарқын Есенқызы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының меңгерушісі Әлжанов Ғаллбек Мұратұлы марапатталды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін Алғыс хатымен Биология ғылымдарының кандидаты Бисенов Өтепберген Көшербайұлы, География және ресурстары кафедрасының аға оқытушысы Кузболова Сақтагүл Орынбасарқызы, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Балтоғаева Жайлы Елепқызы, орыс филологиясы кафедрасының аға оқытушысы Мұхтарова Гулара, орыс филологиясы кафедрасының аға оқытушысы Жалмұханова Зейнеп Таяуғалиевна, шетел тілі кафедрасының аға оқытушысы Жаурова Айжан Баялиевна, Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы Бекежан Өмірбек Қадырханұлы, Аударма ісі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Каримова Зауре Нигметовна, музыка және өнер кафедрасының аға оқытушысы Джаксиева Гульнар Базар-

баевна, музыка және өнер кафедрасының аға оқытушысы Сүйінгарина Тамара Мукановна, дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық кафедрасының аға оқытушысы Қанатбаева Рауза Абляевна марапатталды.

«Жоғары кәсіби білім беру саласындағы Үздік педагог» төсбелгісімен филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы Аяпова Бұлзира Борамбайқызы, Аға оқытушы, «Болашақ» бағдарламасының түлегі, ағылшын тіліндегі монография авторы Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім бағдарламаларын жаңғырту жобасының мүшесі Жұмабаева Эльмира Махметовна марапатталды.

«Жоғары кәсіби білім беру саласындағы Үздік ғылыми қызметкер» төсбелгісімен тарих ғылымдарының кандидаты, Хисмет Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, Атырау өңірінің археологиясын зерттеуші археолог, бірнеше оқулық пен монографияның авторы Касенов Марат Сейтжанұлы марапатталды.

«Жоғары кәсіби білім беру саласындағы Үздік менеджер» төсбелгісі Спорттық және мәдени дамуы орталығының жетекшісі Мухамбеталиев Амантай Камиевич, PhD докторы, экология, био және нанотехнологиялар ғылыми-зерттеу институтының директоры Абдиев Рауан Шарипбайұлы марапатталды.

Сонымен қатар көптеген қызметкерлер әр түрлі деңгейде алғыс хаттарға ие болды.

Әріптестерімізді жеткен жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймыз. Еліміздің өсіп, өркендеуіне қосып жатқан үлестеріңізге толағай табыс, мықты денсаулық, жанұяларыңызға бақ-береке тілейміз. Алға қарайда еңбектеріңізбен ел құрметіне бөленіп, тәуелсіз мемлекетіміздің дамуына өлшеусіз өз үлестеріңізді қоса беріңіздер.

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:

Қ.Сансызбаев - Редактор
П.Тулин - дизайнер-бет құрушы
А. Ғинаятұлы - фотограф
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Ә.Кенжетай

Н.Жаңбырбай
А.Өтемісқызы
А.Сәлімгерейқызы
Фархат Балғожиев
Электрондық пошта - media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #1205 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана